Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің 2022 жылғы
29 шілде № 279
бұйрығымен бекітілді

**Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша 2022-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға конкурстық құжаттама**

## 1. Жалпы ережелер

1. Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша 2022-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға осы конкурстық құжаттама (бұдан әрі – Конкурстық құжаттама) конкурстың ұйымдастырушысы, салалық уәкілетті органмен - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен (бұдан әрі – ҚР ЕХӘҚМ) - еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша 2022-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурсына қатысу үшін талаптарды бекіту мақсатында әзірленген.

2. Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 қаулысымен бекітілген Ұлттық ғылыми кеңестер туралы ережеге, 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасына, 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес әзірленді.

## 2. Қаржыландыруға арналған конкурстың мақсаты, басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атауы, зерттеу түрлері және қаржыландыру көлемі, жеке әріптес тарапынан салымның көлемі мен шарттары

3. Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша 2022-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурс (бұдан әрі - Конкурс) № 187 «Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасына жәрдемдесетін негіздер туралы» Халықаралық еңбек ұйымының Конвенциясы шеңберінде мемлекеттік шаралар кешенін іске асыру мақсатында жүргізіледі, оған сәйкес ғылыми зерттеулер еңбекті қорғаудың ұлттық жүйесінің міндетті элементі болып табылады.

4. Конкурс 2022 жылғы 11 мамырдағы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (бұдан әрі - ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК) мақұлдаған «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» ғылымды дамытудың басым бағыты бойынша, 2022 жылғы 7 сәуірдегі Ұлттық ғылыми кеңес (бұдан әрі - ҰҒК) ұсынған «Әлеуметтік жаңғыртудың өзекті мәселелері: демография, көші-қон, адам ресурстарының сапасы, өмір және адам ресурстары сапасы, әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, жұмыспен қамту және жұмыссыздық мәселелері, еңбекті ғылыми ұйымдастыру, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» мамандандырылған бағыты бойынша жүргізіледі.

5. Зерттеу түрі: еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер.

Ұлттық ғылыми кеңестің 2021 жылғы 11 мамырдағы ұсынымы бойынша қаржыландыру көлемі 113 547 986 (жүз он үш миллион бес жүз қырық жеті мың тоғыз жүз сексен алты) теңгені, атап айтқанда 2022 жылы – 31 551 319 (отыз бір миллион бес жүз елу бір

мың үш жүз он тоғыз) теңгені, 2023 жылы - 81 996 667 (сексен бір миллион тоғыз жүз тоқсан алты мың алты жүз алпыс жеті) теңгені құрайды.

«2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізілген жағдайда, көрсетілген қаржыландыру сомаларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

6. Жеке әріптес тарапынан салымның көлемі мен шарттары: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларының 59-тармағына сәйкес әлеуметтік ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулердің ғылыми-техникалық бағдарламаларын ішінара қамтамасыз ете отырып, жеке әріптестің қатысуы міндетті шарт болып табылмайды.

## 3. Ғылыми басшыға және зерттеу тобына қойылатын біліктілік талаптары, сондай-ақ бағдарламалардың нәтижелілігін арттыруға ықпал ететін басқа да біліктілік талаптары

7. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа қызметінің негізгі түрі ғылыми - техникалық қызмет болып табылатын ұйымдар (бұдан әрі - Өтініш берушілер) (респонденттің ЭҚЖЖ коды бойынша Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми деректеріне сәйкес) қатысуға құқылы, мыналар болған жағдайда:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 645 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидаларына сәйкес ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде Өтініш берушінің аккредиттеу туралы куәлігі куәліктің көшірмесімен расталады;

2) 2017-2021 жж. еңбекті қорғау саласындағы ғылыми қызметтің үздіксіз, оның ішінде кемінде 3 (үш) республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды орындау жөніндегі негізгі орындаушы ретінде тәжірибесі. Өтініш беруші іске асырған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар/бағдарламалар туралы мәліметтер негізінде расталады;

3) 2017-2021 жж. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі бойынша оқытуды ұйымдастыру және жүргізу, біліктілікті арттыру бойынша үздіксіз тәжірибесі. Өтініш беруші рұқсат беру құжаттарын қоса бере отырып, жүргізген біліктілікті арттыру курстары туралы мәліметтер негізінде расталады (рұқсат беру құжаттарының көшірмелері қоса беріледі);

4) әр түрлі қызмет салалары мен аумақтық орналасқан кәсіпорындарды ғылыми зерттеулермен қамтуды қамтамасыз ету үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Қазақстан Республикасы астанасының жалпы санының кемінде 50 % аумағында құрылымдық бөлімшелері (талдамалық деректерді жинау, өндірістік орта факторларына өлшеулер жүргізу, көзбен шолу мониторингі, еңбек жағдайлары талдау болжанып отыр); ұйымдық құрылым туралы мәліметтер негізінде расталады;

5) еңбек жағдайларына зерттеу жүргізу, оның ішінде зиянды өндірістік факторлардың деңгейін анықтау және өлшеу үшін материалдық-техникалық базасы. Өтініш берушінің материалды-техникалық базасы туралы мәліметтер негізінде расталады.

8. Бағдарламаның ғылыми басшысы Қазақстан Республикасының резиденті болуға және мынадай ең төменгі біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесінің немесе ғылыми дәрежесінің (ғылым докторы/кандидаты) болуы; бұл ретте шетелде алынған дипломдардың баламалылығын тану рәсімінен өту талап етілмейді;

2) 2017-2021 жж. ғылыми-зерттеу жұмысының тәжірибесінің болуы, бұл ретте ғылыми зерттеулер саласы еңбекті қорғау және еңбек қатынастары мәселелерін қамтуы тиіс;

3) 2017-2021 жж. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған кемінде 5 (бес) ғылыми

еңбектің, оның ішінде кемінде 3 (үш) – әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында, еңбекті қорғауды қоса алғанда болуы;

4) 2017-2021 жж. еңбекті қорғау саласындағы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаға басшылық ету тәжірибесінің, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын кемінде 3 (үш) ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау бойынша тәжірибесінің болуы.

Бағдарламаның ғылыми басшысының 1)-3) тармақшалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда 8-тармақтың 4) тармақшасының талабы міндетті болып табылмайды.

Бағдарламаның ғылыми басшысының осы Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі ғылыми-техникалық бағдарламаның ғылыми басшысы туралы мәліметтер негізінде расталады.

9. Зерттеу тобына қойылатын біліктілік талаптары:

1) құрамы: ғылыми басшыны қоса алғанда, ғылыми-техникалық бағдарламаның зерттеу тобы мүшелерінің жалпы саны - кемінде 30 (отыз) адам;

2) білімі: зерттеу тобының барлық мүшелерінің жоғары білімі болуға тиіс, бұл ретте зерттеуге тартылған ғылыми дәрежесі бар (философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор немесе ғылым докторы/кандидаты) қызметкерлер контингенті кемінде 5 % болуға тиіс. Шетелде алынған дипломдардың баламалылығын тану рәсімінен өту талап етілмейді;

3) жас ғалымдардың қатысуы: жас ғалымдар контингенті (40 жасқа дейінгі қоса алғанда), оның ішінде зерттеуге тартылған студенттер, магистранттар және PhD докторанттар саны кемінде 25 % болуы тиіс;

4) ғылыми жарияланымдар: 2017-2021 жж. еңбекті қорғау саласында кемінде 5 (бес) ғылыми еңбегі бар, зерттеуге тартылған қызметкерлер контингенті кемінде 25% болуға тиіс;

5) ғылыми тәжірибе: 2017-2021 жж. еңбекті қорғау саласындағы кемінде бір ғылыми-техникалық бағдарламаны және/немесе жобаны іске асыруда ғылыми тәжірибесі бар, зерттеуге тартылған қызметкерлер контингенті кемінде 75 % болуға тиіс.

Зерттеу тобы мүшелерінің осы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі зерттеу тобы мүшелерінің біліктілігі, жұмыс тәжірибесі, ғылыми жетістіктері туралы мәліметтер негізінде расталады.

Зерттеу тобының құрамына Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын өндірістен шыққан инженерлер және (немесе) шетелдік ғалымдардың 30 %-дан (ғылыми басшыны қоспағанда, зерттеу тобы мүшелерінің жалпы санынан) аспайтын тартылуы мүмкін.

## 4. Ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысуға өтінімнің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар

10. Конкурсқа қатысу үшін Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша 2022-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға өтінім (бұдан әрі - Өтінім) осы конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

11. Конкурсқа қатысуға өтінім мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жасалады. Өтінім мәтінінің мазмұны 3 (үш) тілде бірдей болуы тиіс.

12. Өтінімге міндетті түрде келесі құжаттар қоса берілуі тиіс:

1) Өтініш берушінің фирмалық бланкісіндегі ғылыми-техникалық бағдарламаның ғылыми басшысы туралы мәліметтер (осы Конкурстық құжаттамаға 2-қосымша, 1-нысан);

2) ) Өтініш берушінің фирмалық бланкісінде Өтінім беруші іске асырған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар/бағдарламалар туралы мәліметтер (осы Конкурстық құжаттамаға 2-қосымша, 2-нысан);

3) Өтініш берушінің фирмалық бланкісінде Өтініш берушінің материалдық-техникалық базасы туралы мәліметтер (осы Конкурстық құжаттамаға 2-қосымша, 3-нысан);

4) Өтініш берушінің фирмалық бланкісіндегі зерттеу тобы мүшелерінің біліктілігі, жұмыс тәжірибесі және ғылыми жетістіктері туралы мәліметтер (осы Конкурстық құжаттамаға 2-қосымша, 4-нысан);

5) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде Өтініш берушіні аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі;

6) өңірлік бөлімшелерді көрсете отырып, Өтініш берушінің қолданыстағы ұйымдық құрылымының көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі респондентінің деректері бойынша Ұлттық статистика бюросының ЭҚЖЖ негізгі коды туралы мәліметтер.

13. Өтінімде 2022 жылдан бастап 2023 жылды қоса алғандағы кезеңде бағдарламаны іске асыру мерзімі 15 айдан аспайтын ақпарат қамтылуға тиіс және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға арналған шартқа 2-қосымшаға сәйкес бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысына арналған техникалық тапсырмаға (осы Конкурстық құжаттамаға 3-қосымша) сәйкес келуге тиіс.

14. Өтінімде коммерциялық құпия болып табылатын, ашылуы өтінім берушінің авторлық және/немесе өзге құқықтарына ықтимал нұқсан келтіруі мүмкін ақпарат қамтылмауға тиіс.

## 5. Конкурсқа өтінім беру үдерісі

15. Өтініш беруші ҚР ЕХӘҚМ-не конкурсқа қатысуға бағдарлама басшысының және өтініш берушінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын зерттеу тобы мүшелерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған өтінімді электрондық түрде «Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - Орталық) арқылы мына сілтеме бойынша береді: www.is.ncste.kz.

16. Мөр қоюға арналған орын көрсетілген қосымшаларда - мөр қою міндетті.

17. Орталықтың интернет-ресурсында тіркеу кезінде (сілтеме бойынша: www.is.ncste.kz), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу қағидасының 2-тармағы 12) тармақшасына сәйкес конкурсқа қатысуға әр өтінім жеке тіркеу нөмірін (бұдан әрі - ЖТН) алады.

18. Конкурстық құжаттама бойынша түсіндіруді және өтінімді дайындау мәселелері бойынша кеңес беруді жүзеге асыратын жауапты тұлға –Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаментінің Еңбек қатынастары және әлеуметтік әріптестік басқармасының басшысы Б. Қасенов, жұм.тел.: 8 (7172) 74-35-11.

«ҰМҒТСО» АҚ ақпараттық жүйесімен (is.ncste.kz) жұмыс істеу бойынша Call center өтінімдерді тіркеу және ЖТН алу үшін: 8-727-355-50-01 (ішкі 210, 211, 213, 216, 217, 218, 219, 221, 224, 226, 227, 228, 229, 231, 232, 233, 234, 235, 236). Жұмыс уақыты: дс.-жм., сағат 9:00-ден 18: 30-ға дейін. Түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін.

19. Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі www.is.ncste.kz. сілтеме бойынша Орталықтың интернет-ресурсында конкурс жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күнді құрайды.

20. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін ҚР ЕХӘҚМ конкурсқа өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне, сондай-ақ Орталыққа мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама (бұдан әрі - МҒТС) жүргізуге қабылданған өтінімдерді жібереді.

21. Өтінімдерді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінен түскен күннен бастап Орталық келесі талаптардың сақталуын тексереді:

1) өтінімді ресімдеудің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі және талап етілетін құжаттарды ұсыну;

2) плагиат фактілерінің болмауы;

3) МҒТС объектісінің тақырыбын немесе мазмұнын бұрын берілген, бірақ қаржыландыру үшін мақұлданбаған не бір мезгілде берілген МҒТС объектілерімен қайталау фактілерінің болмауы;

4) конкурсқа қатысушыда ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеу туралы куәліктің болуы;

5) ғылыми басшының конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі;

6) күтілетін нәтижелердің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі.

22. Конкурстық құжаттаманың алдыңғы тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін өтінімдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген МҒТС жүргізу қағидаларына сәйкес МҒТС-ға жатады.

23. Сараптама орталығы ҰҒК хаттамасынан үзінді түрінде ҰҒК шешімдерін шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Еңбекминіне жібереді.

24. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстың нәтижесі бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған әрбір өтінім бойынша қабылданған ҰҒК мен ЖҒТК, және ҚР ЕХӘҚМ шешімдері болып табылады.

25. Бағдарламалық нысаналы қаржыландыру конкурсының нәтижелері ҚР ЕХӘҚМ интернет-ресурсында, сондай-ақ сараптама орталығының интернет-ресурсында орналастырылады.

26. ҰҒК қараған қабылданған шешімдердің негіздемесін ескере отырып, бағдарламалық нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстың нәтижелері, МҒТС нәтижелерін есепке ала отырып, бағалау парағы бойынша конкурс жеңімпаздары, МҒТС балдары, ҰҒК балдары туралы мәліметтер, сондай-ақ мақұлданбаған өтінімдер атауларының тізімі олар бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сараптама орталығының интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

27. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстың жеңімпаздары бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурсының нәтижелері жарияланған күннен бастап кемінде отыз жұмыс күні ішінде ҚР ЕХӘҚМ-мен бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға мемлекеттік тапсырыстың орындалуы туралы шарт жасайды (осы Конкурстық құжаттамаға 3-қосымша).

28. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстың жеңімпаздары ЕХӘҚМ-ге жазбаша нысанда ресми хабарлама жіберу арқылы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындауға және ғылыми зерттеулерді орындауға шарт жасасудан бас тарта алады.

29. Шартқа заңнамада белгіленген тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Шартта көрсетілген бағдарламаның күтілетін нәтижелері күнтізбелік жоспарға және бағдарламаның техникалық тапсырмасында және өтінімде көрсетілген күтілетін нәтижелерге сәйкес келуге тиіс.

Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша 2022-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға конкурстық құжаттамаға 1-қосымша

Нысан

**Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға өтінім** [1]

## 1. АННОТАЦИЯ[2]

*Аннотация бағдарлама мақсатының, зерттеуге бағытталған проблемалардың, зерттеулер жүргізудің негізгі тәсілдерінің, күтілетін нәтижелердің, мемлекеттік стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда көрсетілген Қазақстан Республикасы ауқымындағы әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары үшін зерттеулер нәтижесінде шешілетін міндеттердің өзектілігінің, зерттеулер нәтижелерінің экономиканың тиісті саласына, қоғамдық қатынастар саласына әсер ету дәрежесінің қысқаша сипаттамасын қамтиды зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығын, яғни Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуының өзекті міндеттерін шешу үшін олардың коммерцияландыруға немесе өзге де сапада әзірлік дәрежесін айқындау үшін әзірленеді.*

Аннотация көлемі 800 сөзден аспауы керек.

## 2. ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Түсіндірме жазбаның мазмұны мыналарды қамтиды (бұл ретте өтінім нысанында сілтемелері бар кестелер, схемалар, диаграммалар түсіндірме жазбаға қосымшаға шығарылады және тиісті бөлімдердегі сөздердің санын және өтінім беттерінің жалпы санын есептеу кезінде ескерілмейді).

**1. Жалпы ақпарат**

1.1. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама тақырыбының атауы [20 сөзден артық емес].

1.2. Басым және мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы.

1.3. Зерттеу саласы мен түрі.

1.4. Таңдалған техникалық тапсырманың нөмірі.

1.5. Стратегиялық маңызды мемлекеттік міндет, оны шешу үшін бағдарлама әзірленді.

1.6. Бағдарламаны іске асыру орны.

1.7. Бағдарламаның басталуы мен аяқталуының болжамды күні, оның ұзақтығы айлармен.

1.8. Бағдарламаға өтініш беруші ұйым.

1.9. Бағдарламаны орындаушылар (бағдарламаны іске асыруға қатысатын барлық субъектілердің атауын көрсету).

1.10. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың сұратылатын сомасы (бағдарламаны іске асырудың бүкіл мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңгемен).

1.11. Тәуелсіз сарапшыларды іріктеу үшін бағдарламаның саласы мен бағытын сипаттайтын түйінді сөздер.

**2. Бағдарламаның жалпы тұжырымдамасы** [750 сөзден артық емес].

---

[1] Өтінім мынадай бөлімдерден тұрады: 1) аннотация; 2) түсіндірме жазба; 3) сұралатын қаржыландырудың есептеуі

2.1. Кіріспе бөлім [200 сөзден артық емес].

Бағдарлама идеясының қысқаша сипаттамасы және бағдарламаның негізгі қатысушылары көрсетіледі.

2.2. Бағдарламаның мақсаты [50 сөзден артық емес].

Мақсат қысқа әрі нақты баяндалады, ол бағдарлама тақырыбына және оны шешу үшін бағдарлама әзірленген стратегиялық маңызды мемлекеттік міндетке сәйкес келуге, қолжетімді болуға және бағдарламаны іске асыру нәтижесінде алынуы күтілетін шешімнің сипаттамасын көрсетуге тиіс.

2.3. Бағдарламаның міндеттері [500 сөзден артық емес].

Бұл бөлімде өзара қисынды байланысқан сабақтас міндеттер арқылы бағдарламаның мақсатына қол жеткізу тәсілі сипатталады. Алға қойылған міндеттер тізбесі беріледі:

1) міндеттер шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштері;

2) әр міндеттің бағдарлама мақсатына қол жеткізудегі рөлінің және басқа міндеттер мен жобадан күтілетін нәтижелермен өзара байланысының қысқаша негіздемесі;

3) өтінім берушінің ойынша маңызды деп танылған өзге де параметрлер.

**3. Бағдарламаның ғылыми жаңалығы мен маңызы [2 000 сөзден артық емес].**

Бөлім келесі ақпаратты қамтиды:

1) бағдарламаны әзірлеуге ғылыми әзірлеме, бағдарлама тақырыбына қатысты әлемде және Қазақстан Республикасында жүргізілген алдыңғы ғылыми зерттеулерге олардың осы бағдарламамен өзара байланысына міндетті түрде шолу жасай отырып (түпмәтінде шолуда пайдаланылған әдебиетке жасалған сілтемелер көрсетілуі керек, олардың толық жазылуы «Библиография» деген 8-бөлімде ұсынылуы тиіс), ғылыми жаңалықтың негіздемесі (болған жағдайда алдын ала нәтижелері және (немесе) бағдарлама тақырыбына қатысты өтінім беруші бұрын алған нәтижелер көрсетіледі);

2) Бағдарламаның оны шешу үшін әзірленген стратегиялық маңызды мемлекеттік міндетке сәйкестігі, нәтижелердің стратегиялық маңызды мемлекеттік міндетті шешу үшін қолданылуы, бағдарламаның ұлттық және халықаралық ауқымда маңыздылығы, күтілетін нәтижелердің ғылым мен технологиялардың дамуына әсері, күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсер;

3) бағдарлама нәтижелерінің маңыздылығын негіздейтін ғылыми және технологиялық қажеттіліктер (бар болса, әлеуметтік сұранысты және (немесе) экономикалық және индустриялық мүдделілікті, басқа да растайтын деректерді қосу);

4) бағдарламаның күтілетін нәтижелерінің бәсекеге қабілеттілігі, оларды Қазақстан Республикасындағы және әлемдегі белгілі аналогтармен салыстыру, әлемде ұқсас міндеттерді шешу тәжірибесі, оны бағдарлама шеңберінде қолдану;

5) бағдарлама идеясының қолданыстағы аналогтардан немесе бәсекелес идеялардан түбегейлі айырмашылықтары. Егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі әлемде және (немесе) Қазақстанда бар болса, бағдарламаға салымдар неліктен тиімді екенін негіздеу қажет;

6) Егер бағдарламаның түпкілікті нәтижелерінің бірі өнім болса, бағдарламаның пәндік саласында қазіргі уақытта қалыптасқан техника деңгейін сипаттау қажет;

7) Егер бағдарлама өтініш беруші бұрын жүргізген ғылыми зерттеулердің жалғасы болып табылса немесе бұрын қаржыландырылған және аяқталған ғылыми зерттеулердің элементтерін қамтыса, бағдарламаның бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен өзара байланысын және оның олардан айырмашылығын нақты және қысқа баяндау қажет.

**4. Зерттеу әдістері және этикалық мәселелер** [1 500 сөзден артық емес].

Бөлім келесі ақпаратты қамтиды:

1) бағдарламаның негізгі ғылыми мәселелері мен гипотезаларының сипаттамасы, зерттеу стратегиясы мен тәсілдерінің негіздемесі, бағдарламада қолданылатын зерттеу түрлері (сипаттау, корреляциялық және / немесе эксперименттік), зерттеулер жүргізудің дәйектілігі;

2) ең маңызды эксперименттердің қысқаша сипаттамасы;

3) қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерінің негіздемесі ретінде бағдарламада пайдаланылатын зерттеу әдістерінің сипаттамасы, олардың бағдарламаның мақсаты мен міндеттерімен өзара байланысы;

4) алғашқы (бастапқы) ақпаратты жинау әдістері, оның көздері және бағдарламаның міндеттерін шешу үшін қолдану, деректерді өңдеу тәсілдері, сондай-ақ олардың анықтығы мен жаңғыртылуын қамтамасыз ету;

5) зерттеу нәтижелеріне зияткерлік меншік құқықтарын ресімдеу және бөлу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай тәсілі таңдалатынын көрсету, таңдауды негіздеу қажет).

**5. Зерттеу тобы және бағдарламаны басқару.**

Бағдарламаны басқару схемасы, оның ішінде орындаушылар арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі, олардың жұмысын үйлестіру және бағдарламаны іске асыру мәселелері бойынша шешімдер қабылдау тәсілдері сипатталады.

Зерттеу тобының құрамы 1-кестеге сәйкес ресімделеді. Жоспарланған штаттың кемінде 70% (жетпіс пайыз) егжей-тегжейлі деректері көрсетіледі (зерттеу тобының негізгі персоналы) Қосымша персонал үшін (грант алған жағдайда тартылатын зерттеу тобы мүшелерінің 30%-на дейін) кестеде олардың жобадағы орны мен рөлі, орындалатын жұмыстың сипаты және оларды іріктеу үшін қолданылатын тәсілдер көрсетіледі.

Бағдарламаның ғылыми басшысы үшін оның конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын барлық жарияланымдар, оның ішінде дәйексөз индексі, басылымның квартилі (процентилі) және тиісті ғылымиметрикалық базалардағы (DOI) жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтемелер көрсетілуге тиіс. Өтінім берілген күннің алдындағы 5 (бес) жыл ішінде оның қандай бағдарламаларды басқарғанын және олардың шеңберінде қандай нәтижелер алынғанын көрсету қажет.

Зерттеу тобының негізгі персоналының бағдарлама бағыты бойынша жарияланымдары туралы (зерттеу тобы мүшелерінің кемінде 10 жарияланымы) дәйексөз индексімен және тиісті ғылымиметрикалық базалардағы жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтемелермен бірге келтірілуі тиіс. Зерттеу тобы мүшелерінің тегі атап көрсетілуі керек.

**6. Зерттеу ортасы** [1000 сөзден артық емес]

Бөлім келесі ақпаратты қамтиды:

1) әрбір Орындаушының бағдарламаға қатысу негіздемесі, олардың рөліне, бағдарлама мақсатына қол жеткізуге қосқан еңбегі және үлесіне қарай (бағдарламаны орындаушылар болып бүкіл кезең ішінде бағдарламаны іске асыруға қатысатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері есептеледі);

2) әрбір ұйымды тарту қажеттілігін негіздеп, оның бағдарламадағы рөлін, орындалатын жұмыстың сипатын, мақсатқа және күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге қосқан үлесін сипаттай отырып, бағдарламаны іске асыруға сыртқы ұйымдарды тарту;

3) бағдарламаны іске асыру үшін тікелей пайдаланылатын орындаушыларда бар материалдық-техникалық базаны (жабдық, аспаптар, мүкәммал, көлік, ғимараттар, құрылыстар және т. б.), оны пайдалану бағытын және ғылыми-зерттеу жабдығымен жұмыс істеу дағдылары бар зерттеу тобының мүшелерін көрсете отырып сипаттау;

4) бағдарламаны іске асыру үшін пайдаланылатын негізгі отандық және халықаралық байланыстар (коллабораторлар мен жекеше әріптестер), олардың пайдаланылу сипаты мен негіздемесі көрсетіледі. Негіздеу арқылы басқа да отандық және шетелдік ұйымдардың (зертханалардың) инфрақұрылымын пайдалану;

5) ұтқырлықты негіздеу: (1) іссапарлар және олардың жобаны іске асыруға әсері, (2) әріптес ұйымдар базасындағы жұмыс кезеңдері және олардың жобаны іске асыруға әсері. Әрбір шетелдік іссапар үшін іссапардың мақсаты, күтілетін нәтижесі және оның жобаның мақсатына қол жеткізуге қосқан үлесі қысқаша көрсетіледі.

**7. Сұралатын қаржыландырудың негіздемесі** (2000 сөзден артық емес).

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылады:

1) 2-кестеге сәйкес бағдарлама (бюджет) бойынша жиынтық есеп. Жобаның бюджетін бағдарламның ғылыми басшысы жұмыс жоспарына сәйкес бөледі және оны осы бағдарламаға байланысты емес шығыстардың өзге баптарына жұмсауға болмайды.

«Еңбекке ақы төлеу» бабында 3-кестеге сәйкес постдокторанттарды, докторанттарды, магистранттарды, сондай-ақ қаржылық-экономикалық және заңдық сүйемелдеуді жүзеге асыратын адамдарды қоса алғанда, жобаның зерттеу тобының мүшелеріне еңбегі үшін сыйақы

ретінде төлеуге жататын шығыстар жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарнасы ескеріле отырып көрсетіледі. Есеп-қисапта өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдерден басқа, демалыс төлемдері де ескеріледі.

«Қызметтік іссапарлар» бабында 4-кестеге сәйкес (билеттер (авто, темір жол, авиа билеттер) басқа ұйымдардың инфрақұрылымын пайдалануға арналған конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысуды, сапарларды қоса алғанда, зерттеулер жүргізуге тікелей байланысты Қазақстан Республикасының шегіндегі және одан тыс іссапарларға байланысты барлық шығыстар көрсетіледі. компаниялардың сайттары, іссапарлар жоспарының жобасы). Осы кестені толтыру кезінде «Қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысымен бекітілген мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені басшылыққа алу қажет

«Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, өзге де қызметтер мен жұмыстар» деген бапта Орындаушының нәтижесі бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алатын қызметтерге арналған шығыстар, оның ішінде (1) ұжымдық пайдаланудағы ғылыми зертханалар мен басқа да зертханалардың көрсетілетін қызметтері, (2) бірлесіп орындаушы ұйымдардың көрсетілетін қызметтері, (3) бірлесіп орындаушы ұйымдардың көрсетілетін конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысу (4) жоба нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелерді патенттеуге; (5) зерттеу нәтижелерін жариялауға; (6) 5-кестеге сәйкес талдамалық материалдарды сатып алуға (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша кемінде 1 (бір) баға ұсынысы және (немесе) прайс-парақ қоса берілсін). Егер бағдарламаны іске асыруға қатысатын шетелдік ғалымдар зерттеу тобының мүшелері болып табылған жағдайда, олардың қатысуына арналған шығыстар «еңбекке ақы төлеу» бөлімінде көрсетіледі.

«Материалдарды сатып алу (жеке және заңды тұлғалар үшін), жабдықты және (немесе) бағдарламалық қамтылымды сатып алу (заңды тұлғалар үшін)» деген бапта бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті материалдарға арналған барлық шығындар, оның ішінде химиялық реактивтер, еріткіштер, стандартты үлгілер, шығыс зертханалық материалдар, ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған қосалқы бөлшектер көрсетіледі. 6-кестеге сәйкес жабдықтар, жанар-жағармай материалдары және басқалар (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша кемінде 1 (бір) баға ұсынысы және (немесе) прайс-парақ қоса берілсін). Бұл ретте жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға жеке тұлғаларға жол берілмейді.

«Зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы жалға алуға арналған шығыстар, пайдалану шығыстары» деген бапта өтініш берушінің тиісті үй-жайлары болмаған кезде бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті үй-жайларды, жабдықтар мен техниканы жалға алуға арналған шығыстар, сондай-ақ жобаны іске асыруға байланысты Коммуналдық қызметтерге және үй-жайларға, жабдықтар мен техникаға қызмет көрсетуге арналған шығыстар көрсетіледі 7-кестеге сәйкес зерттеулер жүргізуге тікелей тартылған (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша кемінде 1 (бір) баға ұсынысы және (немесе) прайс-парақ қоса берілсін);

2) Шығыстардың әрбір бабына есептеулер 3-7 кестелерге сәйкес.

3) Бағдарламаның мақсатына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін олардың қажеттілігін міндетті түрде негіздей отырып, сондай-ақ шығыстардың тиісті бабы есептелген бағалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, шығыстардың әрбір бабы шамасының мазмұны мен есебіне қысқаша түсіндірмелер беруге міндетті.

**8. Бағдарламаны іске асыру жоспары**

Бөлім 8-кестеге сәйкес бағдарламаны іске асыру бойынша жұмыстардың егжей-тегжейлі, дәйекті жоспарын қамтиды.

**9. Бағдарламаның күтілетін нәтижелері**

Бағдарламада көзделген күтілетін нәтижелер ғылыми-техникалық тапсырмада көзделген нәтижелерден төмен болмауы тиіс. Өзара байланыста нәтижелер стратегиялық

маңызды мемлекеттік міндеттің барлық аспектілеріне ықпал етуді көздейтін кешенді шешімді қамтамасыз етуі тиіс.

Бағдарламаның нәтижелері сандық және сапалық сипаттамалары мен іске асыру нысаны көрсетіле отырып сипатталады. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес нәтиженің негіздемесі келтіріледі.

Қосымша, бөлімде көрсетіледі:

1) шешілуі үшін негіздемесі бар бағдарлама әзірленген стратегиялық маңызды мемлекеттік міндетке сәйкес күтілетін нәтижелердің әрқайсысының әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, ғылыми-техникалық, мультипликативтік және (немесе) өзге де әсерін қолдану сапасы, нысаналы тұтынушылар;

2) күтілетін нәтижелердің негізгі ғылыми бағыттың және ғылымның, және технологиялардың аралас салаларының дамуына әсері;

3) алынған ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың қолданылуы және (немесе) мүмкіндігі;

4) сапалық және сандық сипаттамалары көрсетілген бағдарламаның басқа да тікелей және жанама нәтижелері қоса беріледі.

**10. Библиография**

Бөлімде «Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы» деген 3-тармақта сілтемелер келтірілген жарияланымдар көрсетіледі.

Әрбір жарияланымда журналдың толық атауы, басылым нөмірі, шығарылған жылы, бет нөмірі, мақаланың толық атауы, мақаланың барлық авторларының аты болуы тиіс.

Қосымша:

1) 9-кестеге ұқсас әріптес тарапынан бағдарламаны іске асыруға үлес қосу жоспары.

## 3. СҰРАТЫЛАТЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ЕСЕП-ҚИСАБЫ

«Сұратылып отырған қаржыландыру есебі» бөлігі сараптама орталығының ақпараттық жүйесінде толтырылатын қаржыландыру бағдарламасын іске асыру үшін сұратылып отырған көлемнің есебін негіздейтін 2-7 кестелерге ұқсас ресімделеді. Есептерге түсіндірмелер «Сұратылып отырған қаржыландырудың негіздемесі» деген 7-бөлімде «Түсіндірме жазба» бөлігінде келтіріледі.

1-кесте – Шетелдік ғалымдарды, жас ғалымдарды (постдокторанттарды, докторантура, магистратура және бакалавриат студенттерін қоса алғанда) қоса алғанда, ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі зерттеу тобының құрамы

| р/с № | Т.А.Ә. (болған кезде), білімі, дәрежесі, ғылыми атағы[3] | Негізгі жұмыс орны, лауазымы[4] | Хирша индексі, идентификаторлары ResearcherID, ORCID, Scopus Author ID (болған кезде) | Жобадағы немесе бағдарламадағы рөлі, сондай-ақ орындалатын жұмыстың сипаты | Қатысудың қысқаша негіздемесі |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

2-кесте – Сұратылған сома бойынша шығыстардың жиынтық сметалық есебі

| р/с № | Шығыстардың баптар атауы | Қаржыландыру көлемі, мың теңге | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | 20___ жыл (1-ші жыл) | 20___ жыл (2-ші жыл) |
| 1. | Еңбекке ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда) | | | |
| 2. | Қызметтік іссапарлар | | | |
| 3 | Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, өзге де қызметтер мен жұмыстар | | | |
| 4. | Материалдарды сатып алу( жеке және заңды тұлғалар үшін), жабдықтарды және (немесе)бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу (заңды тұлғалар үшін) | | | |
| 5. | Зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы жалға алу, пайдалану шығыстары | | | |
| Жиыны | | | | |

[3] Өтінім дайындалған күні деректері белгісіз және грант алған жағдайда тарту жоспарланған зерттеу тобының мүшелері үшін «Т.А.Ә, (болған жағдайда), білімі, дәрежесі, ғылыми атағы» деген бағанда "бос орын"деген сөз көрсетіледі..

[4] Негізгі персоналға жатпайтын және өтінімді дайындау күніне айқындалмаған зерттеу тобының мүшелері үшін «Негізгі жұмыс орны, лауазымы» бағанында сызықша көрсетіледі. Өтінім дайындалған күні деректері белгісіз постдокторанттар, докторантура, магистратура және бакалавриат студенттері үшін «Негізгі жұмыс орны, лауазымы» деген бағанада мәртебесі (постдокторант, докторантура, магистратура немесе бакалавриат студенті, мамандығы және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы, одан тиісті қызметкерлерді зерттеу құрамына тарту көзделеді) көрсетіледі,.

3-кесте – Еңбекке ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)

| р/с № | Ұстаным | Еңбекке ақы төлеу, теңге | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1-ші жыл | | | | 2-ші жыл | | | | Барлығы (6 бағ.+ 10 бағ.) |
| | | Қамтылу (толық / толық емес) | Еңбекке ақы төлеу, теңге айына | Жұмыстың ай саны | Сома (3-бағ. × 4 бағ.× 5 бағ.) | Қамтылу (толық / толық емес) | Еңбекке ақы төлеу, теңге айына | Жұмыстың ай саны | Сома (7-бағ. × 8 бағ.× 9 бағ.) | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 20 |
| 1. | Зерттеу тобының негізгі персоналы | | | x | | | | x | | |
| 1.1. | | | | | | | | | | |
| 1.2 | | | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | | | |
| 2. | Қосымша персонал | | | x | | | | x | | |
| 2.1 | | | | | | | | | | |
| 2.2 | | | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | | | |
| 3. | Еңбекке ақы төлеу қорының жиыны (1 бағ.+ 2 бағ.) | x | x | x | | x | x | x | | |
| 4. | Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, (жиыны 4.1 бағ.+ 4.2 бағ.+ 4.3 бағ.) | x | x | x | | x | x | x | | |
| 4.1 | Әлеуметтік салықты төлеуге арналған шығыстарды есептеу | x | x | x | | x | x | x | | |
| 4.2 | Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеуге арналған шығыстарды есептеу | x | x | x | | x | x | x | | |
| 4.3 | Міндетті әлеуметтік сақтандыруға аударымдар | x | x | x | | x | x | x | | x |
| Барлығы (3 бағ. + 4 бағ.) | | x | x | x | | x | x | x | | x |

4 -кесте– Қызметтік іссапарлар

| р/с № | Белгіленген пункті (ел, қала, елді мекеннің атауы) | 1 адамға арналған тәуліктік шығыстарды өтеу нормасы (2 x айлық есептік көрсеткіш) (теңге) | 1 адамға тәулігіне тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар нормасы (теңге) | Тәуліктік шығыстарды есептеу үшін орташа жылдық адам/ күн саны (адам / күн) | Тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығысты есептеу үшін адам/ күннің орташа жылдық саны (адам / күн) | Орташа жылдық саны іссапарға жіберілетін адам (адам) | Екі жаққа бір жол жүрудің орташа құны (теңге) | Шығыстар сомасы (мың теңге) (3 бағ. x 5 бағ. + 4 бағ. x 6 бағ. + 7 бағ. x 8\ бағ.)/1000 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1. | 20___жыл (1-ші жыл) барлығы | | | | | | x | |
| 1.1. | | | | | | | | |
| 1.2. | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | |
| 2. | 20___жыл (2-ші жыл) барлығы | | | | | | x | |
| 2.1. | | | | | | | | |
| 3.2. | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | |
| Жиыны ( 1 бағ. + 2 бағ.) | | | | | | | x | |

5-кесте – Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, өзге де қызметтер мен жұмыстар

| р/с № | Атауы | Өлшем бірлігі | Бірлік саны | Бірлік құны, теңге | Жалпы құны, теңге (4 бағ.x 5 бағ.) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | 20___жыл (1-ші жыл) барлығы | | | x | |
| 1.1. | | | | | |
| 1.2. | | | | | |
| ... | | | | | |
